



Республикалық жастар газеті

Ақмешіт

ЖАСТАРЫ

...Мен жастарға сенемін!

Мағжан



№23 (663)
4 МАУСЫМ,
БЕЙСЕНБІ
2026 ЖЫЛ

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

Бақтыгүл ШАЙМҰРАТ:

Қазақтың жаны домбыраның қос ішегінде, ал рухы – оның қоңыр үнінде. Халқымыздың сан ғасырлық тарихын сөйлеткен бұл киелі аспап бүгін де ұлттық болмысымыздың алтын діңгегі. Біздің көйпекеріміз домбыраны жанына жақын дос, мұңдас ері сырлас санаған өнерпаз. Сұхбатымыздың көйпекері өмірінің тоғыз жылын осы қасиетті аспапқа арнап, күй мен терменің тылсым өлеміне бойлаған – Бақтыгүл Шаймұрат.



ҚАЗАҚ АРМАНЫН ДА, ЗАРЫН ДА ДОМБЫРАНЫҢ СЫҒЫРЫНА СЫЙДЫРА БІЛГЕН

– Жетігеннің әуезді үні, қобыздың қоңыр дауысы, сақпанның ерекше дыбысы... Қазақ аспабының қатарын тоқтаусыз айта беруге болады. Алайда сіз домбыраны серік еттіңіз. Бұл таңдауға не себеп? Домбыраны жан досыңызға айналдырғаныңызға қанша уақыт болды?

– Расында да, қазақтың музыка әлемі – шексіз мұхит секілді. Әр аспаптың мінезі, тағдыры бар. Бірақ мен үшін домбыраның орны бөлек. Бала кезімнен құлағымға сіңген домбыраның сол бір қоңыр дауысы маған өзгеше әсер ететін. Оның бойында кең даланың еркіндігі, бабалардың аманаты мен ұлттың тарихы жатқандай сезілетін.

Домбырамен алғаш танысқан сәттен бастап, шығармашылық әлемге ендім. Алғашқы жылы күй өнерінің қыр-сырын меңгердім. Күй – бұл сөзсіз философия. Бірақ кейінірек менің жаным терме өнеріне жақын екенін түсіндім. Терме – халықтың жиған-терген даналығы, ғасырлар бойы сіңген тәрбие мен ұлттық құндылық. Терме арқылы тыңдарманға ой сала алатынымды, олардың рухын оята алатынымды түсіндім. Міне, содан бері тоғыз жыл өтіпті. Осы уақыт ішінде домбыра менің айнымас серігіме, мұңдасымға және қуанышымды бөлісетін жақын досымға айналды.

4-BETTE

ҰЙҚЫСЫРАҒАН ҚОҒАМ ҚАЙДА БАРАДЫ?

Күннің көтерілгені рас. Бірақ таң атты деп кім айтты? Себебі жер бетіне түскен жарық, адамның санасына әлі де түспеген сыңайлы. Мін тағып, айыптаудан аулақпыз. Десе де ұйқысыраған қоғамның қайда баратыны жанды жегідей жейді. Мұны қозғалауға да болар еді. Бірақ амал нешік, жазу керек.

Әлемге көз жүгіртсек, гуманоид роботтар өндіріс пен қызмет көрсету саласын бағындырып, адам еңбегін қайта таразылап жатыр. Ал суперкомпьютерлер мен нейрожелілер бұрын қол жетпеген есептеу кеңістігін ашты. Кванттық технология мен энергетика саласында да трансформация жүруде. Емделуі қиын кей дерттің жаңа шешімі де ұсынылууда. Яғни, адамзат мүмкін емес деген шекараны да аттап өтіп келеді.

Кезінде Алаш зиялылары халықтың көзін ашу үшін газет шығарды. Ахмет Байтұрсынұлы «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деп бекер айтқан жоқ. Ал бүгінде сол көз қайда қарап тұр? Құлақ нені тындап жүр? Тіл не туралы сөйлеп жүр? Мәселе осында.

КОЛЛАЖ А.НҰР

Суреттер ашық дереккөзден алынды



3



4 МАУСЫМНЫҢ ТАРИХИ ТЫНЫСЫ

«Әр күн – жаңа мүмкіндік». Қарбалас тірліктермен бұл тіркес жаттанды естілсе де, тарих үшін күнтізбе жай уақыт емес. Мәселен, 4 маусымда әлемде естен кетпес оқиғалар орын алған. Жаңа Амстердам қаласының Нью-Йорк атауына ауысуы, әйгілі Третьяков галереясының ашылуы да дәл осы күні болған.

4-BETTE

ӘЛЕМ АСЫҒА КҮТКЕН АЛАДОП БӘСЕКЕСІ ЖАҚЫНДАДЫ

Футбол сүйер көрермен үшін 1 ай бойғы думан басталуға жақын. Төрткүл дүние асыға күтіп отырған аладоп бәсекесі биыл мүлдем ерекше болмақ. «FIFA World Cup» басталмай жатып-ақ әлем назарын өзіне аударды. Бұл тек футбол мерекесі емес, саясат, көші-қон, қауіпсіздік, климат және миллиардтаған доллар айналған алып индустрияның қақтығыс алаңына айналғалы тұр. АҚШ, Мексика және Канада бірлесіп қабылдайтын мундиаль – тарихтағы ең ауқымды ері рекордтық турнир.

5



БАЛАЛАРДЫҢ ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСЫ БАҚЫЛАУДА: «ЖАЗҒЫ TIME» ЛАГЕРІ ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай Қызылорда қаласында балалардың жазғы демалыс маусымы ресми түрде басталды. Осыған байланысты Қызылжарма ауылындағы №295 «Келешек мектебі» жанындағы «Жазғы time» лагерінің ашылу салтанаты өтті. Іс-шараға қалалық білім бөлімінің әдіскері Нұрқанат Амантаев қатысып, оқушыларды мерекемен құттықтап, жазғы демалыстың маңызына тоқталды.

– Сіздерді Халықаралық балаларды қорғау күнімен құттықтаймын! Қызылордадағы барлық білім беру ұйымында осындай лагерь ашылып, өздеріңіз секілді оқушылар түрлі үйірмеге қатысып, уақытты тиімді пайдалануда. Қалалық білім бөлімінің алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі – каникул кезінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және еңбекпен қамтуын ұйымдастыру, қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Жазғы демалыс кезеңінде 70 802 оқушыны немесе 98,5% білім алушының бос уақытын тиімді ұйымдастыру жоспарлануда. Оның ішінде, мектеп жанынан жұмыс жасайтын 61 жазғы тынығу лагеріне 7230 бала қамтылады. Оның 2815-і тамақпен, 4415-і тамақсыз ұйымдастырылады. Аймақтағы қала сыртында орналасқан 2 лагерь мен орталықтарда 4 ауысымда 1564 бала демалыспен қамтылады, – деді ол.

2-BETTE



ОБЛЫСТЫҚ КІТАПХАНАДА СИРЕК КЕЗДЕСЕТІН 1400 КІТАП БАР

8

Басы 1-бетте

БАЛАЛАРДЫҢ ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСЫ БАҚЫЛАУДА: «ЖАЗҒЫ TIME» ЛАГЕРІ ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ

Биыл білім бөліміне қарасты білім беру ұйымдары жанынан құрылған жазғы лагерлер балаларды қабылдауға толық дайын. Айта кеткен жөн, «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен Түркістан облысы Төле би ауданындағы Біркөлік елді мекенінде орналасқан «Қуаныш» лагерінде 200 оқушы тынығды. Сондай-ақ демеушілер мен кәсіподақтардың қолдауымен тағы 200-ден астам баланы жазғы демалыспен қамту көзделген.

Сондай-ақ мемлекет тарапынан әлеуметтік қолдауды қажет ететін балалардың жазғы тынығуына ерекше көңіл бөлінуде. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес атаулы әлеуметтік көмек алатын және табысы төмен отбасылардан шыққан балалар, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, төтенше жағдайдан зарлап шеккен отбасылардың балалары және өзге де әлеуметтік санаттағы оқушылар жазғы сауықтыру және демалыс орындарына жіберіледі.

Жалпы жаз мезгілінде қала оқушылары үшін демалыстың сан алуан түрі қарастырылған. Атап айтқанда, 9 мектепте киіз үй (этно) лагерлері ұйымдастырылып, оған 305 оқушы қатысады. 18 мектепте шатырлы лагерлерде 788 бала демалса, аула клубтарында 5161 оқушының бос уақыты ұйымдастырылады. Сонымен қатар 10 206 оқушы экскурсияға қатысып, музейлерге саяхат жасайды. Дебаттық ла-

герлерге 1 269 оқушы, күндізгі спорттық лагерлерде 1110 оқушы тынығады. Көркейтү-қоғалдандыру жұмыстарына 3402 оқушы тартылып, 151 оқушы еңбекпен қамтылады. Облыстан тыс лагерлерде 957 бала демалса, оқушылар үйі мен өнер мектептеріндегі жазғы үйірмелерге 4 701 оқушы қатысады.

Ал №295 «Келешек» мектебіндегі «Жазғы time» лагерінде балалардың бос уақытын мазмұнды өткізу үшін түрлі үйірме ұйымдастырылған. Мұнда оқушылар домбыра, шахмат, футбол, сурет салу, IT және робототехника бағыттары бойынша білімдерін жетілдіреді. Лагер бір ай бойы күндізгі ауысымда жұмыс істеп, әр топта 15 оқушыдан қамтылады. Әр үйірме мен топқа жауапты жетекшілер бекітілген.

Лагердің алғашқы күнінен-ақ балалар түрлі шығармашылық және спорттық іс-шараға белсенді қатысып, көтеріңкі көңіл күй сыйлаған мерекелік бағдарламаның күәсі болды. Облысымызда



жазғы тынығу лагерлерінің саны жыл сайын артып келе жатқаны, сәйкесінше балалардың бос уақытын мазмұнды һәм сапалы ұйымдастыруға мүмкіндік молайғаны қуантады.

Балалардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру – олардың денсаулығын нығайтып қана қоймай, шығар-

машылық қабілеттерін дамытуға, жаңа орта тауып, таным көкжиегін кеңейтуге мүмкіндік береді. Сондықтан жазғы лагерлердің жұмысы әрбір баланың алаңсыз әрі мазмұнды демалуына бағытталған маңызды бастама болып қала береді.

А.ОРАЛБАЙ

«ҚАЗГЕРМҰНАЙ» АҚ-НЫҢ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҒЫ: БАЛАЛАРҒА ЖАСАЛҒАН НАҚТЫ ҚОЛДАУ!

Қызылорда облысында әлеуметтік жауапкершілікті тұрақты түрде жүзеге асырып келе жатқан «Қазгермұнай» акционерлік қоғамы тағы бір игі бастамамен ерекшеленді. ЖҚ «Розалия и Эмир» жанындағы балаларды дамыту орталығына қаржылай қолдау көрсетіп, қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етті.

Аталған қайырымдылық көмек аясында орталық тәрбиеленушілері үшін арнайы ауыр кеудешелер (утяжелённые жилеты) сатып алынды. Бұл құралдар сенсорлық интеграция барысында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға оң әсерін тигізеді. Жилеттер балалардың мазасыздығын азайтып, зейінін арттырып, өздерін қауіпсіз сезінуіне ықпал етеді. Жабдықтарды дұрыс сақтау мақсатында жилеттерге арналған арнайы ілгіштер мен иықшалар (плечиктер) да алынды. Бұл өз кезегінде орталықтағы

тәртіпті нығайтып, құралдардың ұзақ уақыт қызмет етуіне ықпал етеді.

Сонымен қатар, емдік дене шынықтыру (ЛФК) залына екінші жүгіру жолағы орнатылды. Бұл жаңашылдық жаттығу кестесін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік беріп, балалардың жеке жұмыс жасауына жағдай туғызды. Нәтижесінде, орталықтағы түзету-дамыту жұмыстарының сапасы арта түспек.

Орталық төрайымы Розалия Рахимова көрсетілген қолдаудың маңыздылығына тоқталып:

«Мұндай жан-жақты көмек біздің орталық үшін өте маңызды. Балаларға қолайлы жағдай жасап, олардың дамуына ықпал ету – басты мақсатымыз. «Қазгермұнай» АҚ-ның қолдауы бізге жаңа мүмкіндіктерге жол ашты», – деп атап өтті.

Бүгінде «Розалия и Эмир» жеке қоры ерекше балаларға сапалы түзету-дамыту қызметін көрсетіп келеді. Ал мұндай әлеуметтік бастамаларды қолдау арқылы «Қазгермұнай» АҚ өңірдегі қайырымдылық мәдениетінің дамуына елеулі үлес қосуда.

Орталық ұжымы мен ата-аналар қауымы демеуші компанияға шынайы ризашылығын білдіріп, игі істерінің жалғасын табуына тілектестік білдіреді.

Дайындаған
Ж.МЫРЗАЛИЕВА

ЖАСТАР

ЖАҢАЛЫҚТАРЫ



«ЖАСЫЛ ЕЛ» ЖАСАҒЫНЫҢ ЖАҢА МАУСЫМЫ БАСТАЛДЫ

«Қорқыт ата» мемориалды аллеясында «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының кезекті еңбек маусымының салтанатты ашылу рәсімі өтті. Ашылу салтанатына облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Руслан Каюпов, жастар ұйымдарының өкілдері, еріктілер, еңбек жасақтарының сарбаздары және белсенді жастар қатысты. Салтанатты жиында басқарма басшысы жастарды жаңа еңбек маусымының басталуымен құттықтап, «Жасыл ел» жобасының қоғамдағы маңызы мен тәрбиелік мәніне ерекше тоқталды.

Іс-ара барысында жастарға арнайы еңбек құралдары мен қажетті жабдықтар табысталды. Сонымен қатар, еңбек жасақтарының мүшелері «Қорқыт ата» мемориалды аллеясы аумағында тазалық жұмыстарын жүргізіп, абаттандыру ісіне белсенді атсалысты. Сондай-ақ, «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық бағдарламасына белсенді қатысып жүрген жастар облыс әкімінің арнайы «алғыс хатымен» марапатталды.

БАЛАЛАР МЕРЕКЕСІ ТОЙЛАНДЫ

Халықаралық балаларды қорғау күніне орай аудан орталығындағы Балықтылар аллеясында «Бақытты балалық шақ» атты мерекелік іс-шара ұйымдастырылып, бүлдіршіндерге ерекше қуаныш сыйлады.

Мерекелік іс-шарада аудан әкімінің орынбасары Н.Бохаев балалар мен олардың ата-аналарын маңызды мерекемен құттықтады. Өз сөзінде жас ұрпақтың жарқын болашағы үшін қолайлы жағдай жасау, олардың сапалы білім алып, жан-жақты дамуына мүмкіндік беру әрдайым басты назарда екенін атап өтті. Мұнан соң аудандық білім бөлімінің басшысы С.Жанназарова алғыр да, ұқыпты, білімді әрі белсенді балдырғандардың жетістіктеріне тоқталып, шат көңілді балаларды мерекелерімен құттықтады.

АУЫЛ ТҮРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Аудан әкімі Алмабек Есмаханов Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығына сәйкес Ғани Мұратбаев, Абай ауылдары және Қазалы қаласының тұрғындарымен кездесу өткізді.

Кездесуге аудандық маслихат төрағасы Ғазиз Әліш, аудан әкімінің орынбасарлары, аудандық маслихат депутаттары, аудан әкімдігіне қарасты бөлім басшылары мен тиісті сала мамандары қатысты. Тұрғындар тарапынан көтерілген әрбір мәселе бойынша жауапты сала басшыларына заңдылыққа сәйкес жұмыс жасауды тапсырды.

Қазалы қаласында өткен кездесуде тұрғындар елдегі жасалып жатқан игі жұмыстарға оң бағасын беріп, ақсақалдар батасын берді. Халықпен өткен кездесулерден кейін аудан басшысы жеке мәселелері бойынша жүргізілген тұрғындарды қабылдап, ұсыныс-пікірлеріне құлақ түрді.

ЖАСТАР ЖАСАҒЫ ІСКЕ КІРІСТІ

«Жасыл ел» жастар еңбек жасағының мүшелерімен кездесу өтіп, жұмыс барысындағы қауіпсіздік талаптары түсіндірілді.

Кездесуге Жосалы кенті әкімінің орынбасары Берік Сәден және аудандық Жастар ресурстық орталығының директоры Нұржұман Пірназаров қатысып, жастарға еңбек қауіпсіздігін сақтау, аудан тазалығына жауапкершіліктен қарау, «Таза Қазақстан» республикалық акциясын белсенді жүзеге асыру, қоршаған ортаны қорғау және туған жерге деген патриоттық сезімді қалыптастыру жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Сонымен қатар жастардың жазғы демалыс уақытын тиімді ұйымдастырудың маңыздылығы айтылып, еңбекқорлық пен қоғамдық белсенділіктің жас ұрпақ тәрбиесіндегі орны ерекше екендігі атап өтілді. «Жасыл ел» – еңбекке баулытын, елге қызмет етуге үндейтін және жастардың азаматтық жауапкершілігін арттыратын маңызды жоба.

ДИНИ ЭКСТРЕМИЗМНІҢ АЛДЫН АЛУ БАҒЫТЫНДА КЕЗДЕСУ ӨТТІ

Аудандық Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен жастар арасында діни экстремизм мен радикалды идеологиялардың алдын алу мақсатында кездесу өткізілді.

Кездесуге аудандық қоғамдық даму бөлімінің әдіскері Арыстанбек Байқабылов қатысып, діни экстремизмнің қоғамға тигізетін кері әсері, дәстүрлі құндылықтарды сақтау және жастардың діни сауаттылығын арттыру мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Іс-шара барысында қатысушылармен пікір алмасып, қойылған сұрақтарға жауап берілді. Кездесудің мақсаты – жастардың құқықтық және діни сауаттылығын арттыру, қоғамдағы тұрақтылық пен бірлікті нығайту.

ТАЗА ӨЛКЕ – ТАЗА АУЛА

Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясында «Таза өлке – таза аула» атты ауқымды экологиялық акция өтті.

Шараға Тереңөзек кентінің әкімі Нұржан Бисембаев, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұса Келдібаев пен аудандық әжелер кеңесінің төрағасы Үлмекен Жаналиева, мекеме қызметкерлері, зиялы қауым, азаматтық қоғам өкілдері, жастар, еріктілер және тұрғындар белсене қатысты.

Акция барысында аудан көлеміндегі бірқатар аумақта санитарлық тазалау жұмыстары жүргізіліп, көшелер мен қоғамдық орындар коқыстан тазартылды. Сонымен қатар ағаш көшеттері отырғызылып, қоғалдандыру және абаттандыру жұмыстары жүзеге асырылды.

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘРМӨҢЕСІ

Аудандық прокуратураның үйлестіруімен пробация қызметі мен жұмыспен қамту бөлімі және Мансап орталығының бірлесуімен бос жұмыс орындары жәрмөңкесі өткізілді. Аталған шараға пробация есебінде тұрған азаматтар мен аудан тұрғындары қатысып, өздеріне лайықты жұмыс орындарын қарастыруға мүмкіндік алды.

Мекемелер тарапынан ұсынылған 137 бос жұмыс орны және мемлекет тарапынан субсидияланатын уақытша 93 жұмыс орындары (ақылы қоғамдық жұмыс, әлеуметтік жұмыс орындары, жастар практикасы, күміс жас) ұсынылды. Ұсынылған жұмыс орындарының ішінде пробация қызметінің есебінде тұрған 1 азамат ақылы қоғамдық жұмысқа, 2 азамат тұрақты жұмысқа орналастырылды.

ЖАСТАР – ЕРІКТІЛІК ЖОЛЫНДА

Қоғамдық даму бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен «Үсен бауы» таулы аймағында «Жастар – еріктілік жолында» тақырыбында аудандық жастар слеті өтті.

Слет барысында қатысушылар «Табиғатты аялайық», «Қоқыс тастама» деген экологиялық ақпараттық тақтайшалар жасап, таулы аймақтың белгіленген орындарына орнатты. Бұл белгілер келешекте де мыңдаған демалушыға ескерту ретінде қала береді.

Шара барысында командалық ойындар өтіп, жастар арасында бірлік пен достық рухы нығайды. Ұлттық тағамдар фестивалінде бауырсақ, қымыз, шұбат дастарханды молшылықпен безендірді. «Бір толқында» форматындағы еркін диалог алаңында «AMANAT» партиясы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Жаңдос Базартаймен аудан жастарының кездесуі өтті. Кездесу барысында мотивациялық әңгімелер айтылып, спикерлер өзара тәжірибелерімен бөлісті.

СЫРДЫҢ СҰЛУ ТӨБЕСІ

Сұлутөбем – құтты мекен, жайнаған, Сырдың нұры төгілгендей сайдаған, Тарихында талай сыр бар тереннен, Әрбір тасын шежірелер айта алған...



Әр адамның жүрегінде ерекше орын алатын қасиетті ұғым – туған жер. Ол-балалық шақтың естеліктері, өмірдің алғашқы қадамдары жасалған мекен, барша жанға ыстық әрі кір жуып, кіндік кескен жер. Туған жерге деген сүйіспеншілік – адамның бойындағы ең шынайы, ең терең сезімдердің бірі.

Қазақ даласының әр өңірі өзіндік ерекшеліктерімен дараланады. Солардың ішінде Қызылорда – қазақлықтың қаймағы бұзылмаған, ұлттық құндылықтарды берік ұстанған қасиетті өлке.

Қызылорда десе, көз алдымызға кең дала, Сырдарияның сұлу жағасы, жыршы-жыраулардың үні, қонақжай ел елестейді.

Сыр елінің әрбір ауылы – осы руханияттың бір бөлшегі. Солардың бірі-балалық шағымның бал дәурені болған Сұлутөбе ауылы.

«Ескерген ескісін сақтайды, ел болған естісін сақтайды» демекші, өткенді құрметтеп, тарихты бағалау – біздің парызымыз. Көнеңін көзін көрген, тарих десе жанын салатын карт атамның айтуынша, ауылымыздың атауының шығу тарихы аңызбен ұштасады.

Ертеде бұл жерде биік төбе болған деседі. Сол төбенің басында күн сайын бір сұлу қыз пайда болып, кеш бата ғайып болып кетеді екен. Ауыл ақсақалдары мен

жолаушылар әлгі арудың сұлулығына тамсанып, таңғажайып көрініске куә болған. Осы құпия құбылысты ел аузындағы аңызға айналдырып, ауылды Сұлутөбе деп атап кетіпті. Аңыз уақыт өте келе ел жадында сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен. Аңыздан бастау алған ауылым өзіндік ерекшелігімен айықталып, оны одан әрі көркейтеу деген ықпалымызды арттыра түседі. «Көп жасағаннан емес, көпті көргеннен сұра» деген осы емес пе?!

Осындай киелі мекеннен елге танылған талай асыл тұлғалар шыққанын ауыз толтырып, мақтанышпен айта аламын. Бұл топырақтан шыққан ақын-жазушылар, өнер иелері, батырлар мен қоғам қайраткерлері тарихта із қалдырды. Солардың бірегейі – түркі әлемінің тарихи тұлғасына айналған біртуар азамат Мұстафа Шоқай. Алаш партиясында

болды, Түркістан автономиясының басында тұрды. 21 жыл Еуропада жүріп, қазақтың бостандығы үшін күрескен тұлға. Осы тұста туған жерім – таланттар ордасы, ақындардың шабытын оятқан, жазушылардың қаламын тербеген қасиетті мекен екендігіне қуанамын. Ауылымыздың маржандай тұлғалары Қаршыға Есімсейітова мен Сұлтанәлі Балғабаев – Сыр елінің мақтанышы. Олардың шығармалары туған жердің рухын асқақтатып, ұлттық әдебиетімізге өлшеусіз үлес қосты. Осындай дара тұлғалардың біздің өңірден шығуы – біз үшін зор мақтаныш!

Мен үшін Сұлутөбе – жай ғана туған жер емес, қазақы рухтың, тарих пен дәстүрдің алтын бесігі. Бұл ауылда үлкендер сөзі – заң, қазақы салт-дәстүр берік, қонақжайлық пен бауырмалдық ерекше. Мұнда туған әрбір жанның бойында қазақы қайсарлық, мәрттік пен адалдық бар.

Сұлутөбе – менің өткенім, бүгінім, болашағым. Осында кіндік қаным тамды, осында ата-бабам өмір сүрді, осында ұлттық рухтың оты сөнбей жанып тұр. Мен қайда барсам да, туған ауылымның топырағы, Сырдың самалы, дархан даланың кеңдігі, атамекеніміздің қасиеті жүрегімде бірге жүреді.

Сұлутөбе – менің мақтанышым!

Аружан ЕСІМСЕЙІТОВА,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті

ҚЫЗЫЛОРДА

АРАЛ

ҚАЗАЛЫ

ҚАРМАҚШЫ

ЖАЛҒАҒАШ

СЫРДАРΙΑ

ШИЕЛІ

ЖАҢАҚОРҒАН

Басы 1-бетте

Бақтыгүл ШАЙМҰРАТ:

ҚАЗАҚ АРМАНЫН ДА, ЗАРЫН ДА ДОМБЫРАНЫҢ СЫҢҒЫРЫНА СЫЙДЫРА БІЛГЕН

– Қазақта «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» деген сөз бар. Сіздің ойыңызша осы тұжырымның астарында қандай философия бар?

– Иә, бұл сөздің артында үлкен сыр жатыр. Жаңа атап өткенімдей, домбыра – қазақ халқының тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін және рухын бойына сіңірген қасиетті аспап. Менің ойымша, қазақ халқы өзінің басынан кешкен нәубеттерін де, мерейлі жеңістерін де, ішкі зарын да, асқақ арманын да осы домбыраның сыңғырына сыйдыра білген.

Домбыра – қазақтың тарихы. Тіл байланған заманда домбыра сөйлеген. Халық рухы жасығанда домбыра жігер берген. Сондықтан «Нағыз қазақ – домбыра» дегенде, біз қазақтың барлық асыл қасиеті – мейірімділігі, батырлығы мен сабырлығы – осы аспаптың үнінде екенін түсінуіміз керек. Қазақ пен домбыра – егіз ұғым. Бірінсіз бірін елестету мүмкін емес.

– Күйшілер қауымы арасында «домбыра – киелі аспап, ол кез келген адамды таңдай бермейді, өзіне лайық серікті іздейді» деген тәмсіл бар. Бұл киелі аспаптың сізді өзіне серік етіп, бағыт-бағдар бергенін алғаш рет қашан және қалай сездіңіз?

– Өнердің киесі болады дегенге мен де кәміл сенемін. Домбыраның жаны бар. Оның мені таңдағанын алғаш рет үлкен сахнаға шыққан сәтте сездім. Оған дейін бұл мен үшін жай ғана хобби сияқты көрінетін. Бірақ көрерменнің алдында домбыраны қолыма алып, термені бастағанда, денемді бір ерекше сезім билеп алды. Сол сәтте мен аспаппен біртұтас болып кеткендей күй кештім. Тыңдарманның әрбір сөзі мен әрбір қағысыма ұйғанын көргенде, домбыраның маған берілген үлкен аманат екенін түсіндім. Сол сәттен бастап аспапты емес, аспап мені жетелей бастады.

– Домбыраның үні – оның жасалған ағашына, тіпті шебердің көңіл-күйіне тікелей байланысты дейді. Аспаптың ды-

быс ерекшелігінде, оның «мінезінде» ағаштың ролі қаншалықты маңызды? Әлде бұл тек орындаушының техникасына ғана тәуелді дүние ме?

– Әрине, аспаптың сапасы үлкен рөл ойнайды. Меніңше, бұл жерде елу де елу пропорциясы жұмыс істейді. Алтыннан домбыра соқсаңыз да, егер оны сөйлететін шеберлік пен жүрек болмаса, ол тек жансыз зат болып қала береді. Керісінше, қарапайым домбыраның өзін нағыз дәулескер күйші алтыңға теңесер дүниеге айналдыра алады. Жақсы аспап пен талантты орындаушы гармония тудырады. Орындаушы аспаптың тілін таба білуі керек, сонда ғана ол өзінің барлық мүмкіндігін паш ете алады.

– Ескі аңыздар мен наным-сенімдерде «домбыра өз несіне бауыр басады, егер жат қолға өтсе, дыбысы шықпай, ренжіп қалады» деген түсінік бар. Өзіңіздің жан досыңызға айналған жеке домбыраның өзгелерге, мейлі ол туысыңыз не әріптесіңіз болсын, ұстатуға қалай қарайсыз?

– Әр домбырашы өзінің аспабына ерекше жақын болады. Мен де домбырама ерекше қамқорлықпен қараймын. Бірақ оны сенімді адамдарға ұстатуға қарсы емеспін. Дегенмен әркімнің өз домбырасына деген ерекше ықыласы болады. Сондықтан аспапты ұқыпты ұстаса болғаны.

– Ғалымдар домбыраның дыбыс жиілігі адамның жүрек соғысы мен жүйке

жүйесін реттейтін, тыныштандыратын ерекше акустикалық толқындарға ие екенін дәлелдеп жатады. Күйзеліске түскен сәттерде домбыра сізді «емдеген» кез болды ма?

– Иә, домбыраның адамға рухани күш беретін қасиеті бар деп ойлаймын. Көңіл-күйім болмай немесе шаршап жүрген кездерімде домбыра алып, терме орындасам, жан дүнием тынышталып, бойыма күш-қуат келеді. Өнер адамға ерекше демеу болады.

Өмірде де түрлі сынақ болады. Сондай кездерде оңаша қалып, домбырамды қолыма алсам, барлық уайымнан арылғандай боламын.

– Төкпе және шертпе күйдің табиғаты, орындалу мәнері – екі бөлек әлем. Осы қос бағыт қазақ халқының болмысын екі түрлі қырынан қалай сипаттайды? Олардың негізгі айырмашылығы мен ерекшелігі неде?

– Төкпе мен шертпе – қазақ жанының қос қанаты. Төкпе күй – екпінді, жігерлі, батырлық пен асқақ рухтың символы. Оны тыңдағанда, делебен қозып, атқа қонып шапқың келеді. Бұл – қазақтың қайсарлығы мен еркіндік сүйгіш мінезі. Ал шертпе күй – сыршыл, нәзік, терең философиялық ойға құрылған. Ол адамды ішкі толғанысқа салады. Бұл – қазақтың даналығы мен бияздылығы, парасаттылығы. Бұл екі бағыт қазақ халқының мінезі мен дүниетанымының әртүрлі қырларын көрсетеді.

– Домбыра – сөз жетпейтін, тіл қауқарсыз болатын жерде сөйлейтін күдіретті аспап. Сіз үшін дәл осындай «тілсіз сөйлейтін» ең қуатты күй қайсы?

– Маған «Ақсақ құлан» ерекше ұнайды. Бұл шығармада қайғы, тағдыр және тарихи оқиға суреттелген. Тыңдаған адам күйдің мазмұнын сөзсіз-ақ сезіне алады. Күйдің дыбысымен-ақ құланның дүбірін, жебенің ысқырығын, ханның қаһары мен әкенің қайғысын сезінуге болады.

– Репертуарыңыздағы ең сүйікті шығармаңыз туралы айтып өтсеңіз. Ол сізді несімен баурап алды?

– Термені жаным сүйеді. Әсіресе тәрбиелік мәні жоғары, жастарға өнеге беретін термелер ұнайды. Себебі ол арқылы адамға ой салуға, жақсы қасиеттерді насихаттауға болады. Сол үшін терме өнерін ерекше жақсы көремін. Ол мен үшін маңызды рөлге ие.

– Аспап адамды тәрбиелей ала ма? Домбыра үйрену барысында музыкадан бөлек қандай өмірлік сабақтар алдыңыз?

– Сөзсіз, аспап – ең қатал тәрбиеші. Домбыра маған ең алдымен сабырлықты үйретті. Бір күйді немесе термені нақышына келтіріп орындау үшін жүз рет қайталау керек. Сонымен қатар, домбыра жауапкершілікті серік етті. Сахнаға шыққанда сен тек өзің үшін емес, ұлттық өнер үшін жауап бересің. Домбыра маған уақытты бағалауды, жүйелі жұмыс істеуді үйретті. Сонымен қатар онның арқасында сахна мәдениетін меңгеріп, адамдармен еркін қарым-қатынас жасауға дағдыландым.

– Сахна күтпеген жағдайға толы ғой. Өнер көрсетіп жүріп басыңыздан өткен қызық оқиға бар ма? Сондай қызық оқиғаны сөзге тығырықтан қалай шықтыңыз?

– Сахнада әртүрлі жағдай болып тұрады. Бірде сахнаға қатты толқып шыққаным есімде. Соның салдарынан сөздерді шатастырып ала жаздадым. Бірақ орындау барысында өзімді жинақтап, өнерімді жалғастырдым. Сахна өте киелі. Оның көзге көрінбейтін бір күдіреті бар. Сахна сыртында толқыған сәтінде үлкен алаң мен халықтың ыстық ықыласы ұмыттырып жібереді. Жалпы сахнадағы тәжірибе орындаушыны шындей түседі.

– Сұхбат үшін рақмет! Өнеріңіз өрлей берсін!

Сұхбаттасқан
Мерей ШӘКРАТ



Басы 1-бетте

4 МАУСЫМНЫҢ ТАРИХИ ТЫНЫСЫ



Дүниежүзіндегі дерекқорға зер салмас бұрын еліміздегі айтулы мерекені тілге тиек етсек. Қазақстан өз егемендігін жариялаған тұста алдымен тәуелсіз елдің саяси мәртебесін білдіретін Тәуелсіздік декларациясын қабылдады. Содан кейін күн тәртібінде Мемлекеттік рәміздерді қабылдау мәселесі тұрды. Айта кетейік, тарихи шешім қабылдау лезде бола салған жоқ. Өйткені Мемлекеттік рәміздердің тарихи, саяси және экономикалық символизмге сәйкес болуы көзделді. 1992 жыл-дың бас кезінде Жоғарғы Кеңестің төралқасының қаулысымен арнайы шығармашылық комиссия құрылып, оған белгілі заңгерлер мен қоғам қайраткерлері мүше болды.

Көп кешікпей Елтаңба, Ту және Әнұран жобаларын жасауға конкурс жарияланып, оған қатысушыларға күрделі әрі жауапты міндеттер қойылды. Осы орайда Мемлекеттік Тудың эскиздері бейнеленген 1200 шығармашылық еңбек қабылданған. Сондай-ақ конкурсқа болашақ Елтаңбаның 245 сурет жобасы мен 67 суреттемесі және Әнұранның 750 нұсқасы ұсынылыпты. Осы-

лайша ел тәуелсіздігін жариялаған 130-шы күні Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Шәкен Ниязбеков Мемлекеттік Тудың авторы атанды. Ал Мемлекеттік Елтаңба ретінде белгілі сәулетшілер Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уәлихановтың үздік эскизі ұсынылды.

Қазақстан әнұранына байқау жарияланған сәтте Қазақ КСР гимнінің музыкалық редакциясын сақтау басты назарда болды. Нәтижесінде Мемлекеттік Гимн музыкасының авторлары Мұқан Төлебаев, Евгений Брусилковский және Латиф Хамиди атанды. Ал Әнұранның үздік мәтініне жарияланған байқауда ақын Мұзафар Әлімбаев, Қадыр Мырзалев, Тұманбай Молдағалиев және Жадыра Дәрібаева көптің көңілінен шығып, оң бағасын алды.

Арада 14 жыл өткен соң рәміздер тарихы қайта жанарды. Жаңа Мемлекеттік Гимн қабылдау мақсатында «Менің Қазақстаным» әні тандап алынды. Жүмеке Нәжімеденовтің сөзіне жазылған бұл әнді Шәмші Қалдаяқов 1956

жылы шығарған. Сол уақыттағы Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев музыкалық туындының бастапқы мәтініне өзгеріс енгізді. Осыған орай Қазақстан парламенті палаталарының бірлескен отырысында «Мемлекеттік рәміздер туралы» жарлыққа тиісті түзету жасалды. Тарихтағы бұл оқиға әр қазақ «Менің елім» деп тебірене шықпайтын бірегей туындыны жарыққа шығарды.

Мемлекеттік рәміздер қанша жыл өтсе де өткеннің мұрасы, бүгінгі мақтанышы бола берері сөзсіз. Ұлтты ұлт ретінде танытамын, елдің егемендігін әйгілейтін кастерлі белгілер қазір әрбір азаматтың жүрегінен орын алды. Тіпті Елтаңба көрінісі Қазақстан азаматының кез келген құжатында бар. Туу туралы куәліктен бастап зейнетақы кітапшасына дейін Елтаңбаның белгісі қолданылады. Ал мемлекеттік мекемелердің маңдайшаларында Ту міндетті түрде ілулі тұрады.

Франциядағы жаңа революция

Енді 4 маусымда орын алған әлемдік оқиғаларға ойыссақ. Бұл жаңалық парфюмерия өндірісі мен әлемге әйгілі «Шанель» атауымен байланысты. Бір ғасыр бұрын 4 маусымда Chanel №5 әтірі пайда болды. Әлі күнге дейін нәзікжандардың талғамынан түспеген бұл әтір сұлулық пен паң мінездің символы іспеттес. Ғалымдардың айтуынша, алғаш кездескен адамның кім екенін әтірі арқылы тануға болады. Бұл тұрғыда Коко Шанель туындысы тарих алдында көш бастап тұр. Айта кетейік, Коко Шанельдің тапсырысы негізінде белгілі парфюмер Эрнест Бо арнайы 10 композиция жарыққа шығарған. Әтір иісін жаңылмай таңдайтын Коко

бұл жолы да қателеспеген. Ол үздік ондықтың қатарынан бесінші үлгіге баса назар аударды. Одан әрі әтірді төртбұрышты құтыға күйгезіп, қарапайым декормен безендірген екен. Айта кетейік, қарапайымдылық Коко Шанельдің басты ұстанымы болатын. Парфюмерия шыңын бағындырған бұл жыл Франциядағы жаңашыл революция саналды. Сол уақыттағы атақты Мэрилин Манронның келесі сөзі әтірдің жарнамалық ұранына айналды. «Сіз не кигенді ұнатасыз?» деген журналист сауалына күміс экран жұлдызы «Chanel №5 әтірінің бірнеше тамшысы ғана» деп жауап берген.

«Төрттік» тұлғалар кімдер?

Айтулы күні дүниеге келген танымал тұлғалар да аз емес. Ну-мерология іліміне сүйенсек, 4 маусымда дүниеге келген адамдар өте адал, ұйымшыл, тәртіпті және тұрақты келеді. Олар барлығын тыныштыққа, еңбекке және сақтыққа сүйене отырып шешеді. Расында осы күні туған тұлғалардан аталған

қасиеттерді көруге болады. Бұл тізімде «Қазақстан ғарыш сапары» ұлттық компаниясы АҚ президенті Ермағамбет Ермағамбетов, Қазақстанның халық әртісі, Қазақстан мемлекеттік сыйлығының иегері, әнші Нұржамал Үсенбаева, Ресей империясының генералы, мемлекет қайраткері Алексей Ермолов, КСРО халық әртісі, дирижер Евгений Мравинский, Грекияның сегізінші президенті Каролос Папуляс, Конго Демократиялық Республикасының төртінші президенті Жозеф Кабила, америкалық актриса, қоғам қайраткері Анджелина Джоли бар.

Байқағанымыздай, 4 маусым жай күннің бірі емес. Дәл осы күні қазақтың қайсар қызы Әлия Молдағұловаға Кеңес Одағының батыры атағы берілсе, 2000 жылы Иран қазақтары тарихи отанына орала бастады. Бұл – тарих көрсеткен деректер. Бұл күні алда қандай өзгеріс орын алатынын болашақтың еншісіне қалдырдық.

Гүлдана ЖҰМАДИНОВА



Суреттер ашық дереккөзден алынды

ӘЛЕМ АСЫҒА КҮТКЕН АЛАДОП БӘСЕКЕСІ ЖАҚЫНДАДЫ

Басы 1-бетте

Мундиаль тарихта тұңғыш рет бір мезетте 3 елде қатар өткелі отыр. АҚШ, Канада, Мексиканың 16 қаласында көрермен аладоп аламанын тамашалайды. Сөйтін, төрткүл дүние көз тіккен бәсекеде қай құрама топ жаруы мүмкін? Болжам қандай?

Санаулы күндерден кейін төрткүл дүние асыға күткен футбол мерекесі басталады. Әлем чемпионаты тарихта осымен 23-рет өткелі отыр. Жаһандық додаға алғаш рет 48 ел қатысып, турнир аясында бас-аяғы 104 матч ойнатылады.

Мундиальда Кюрасао, Кабо-Верде, Йордания және көршілес Өзбекстан тұңғыш рет өнер көрсетеді. Осы ретте спорт сарапшылары не дейді? Арнайы Жандос Айтбайұлы мен Абылай Ыбырайұлының пікіріне құлақ түрдік.

– Өзбекстан құрамасы біраз таңдай қақтыруы мүмкін. Бұл команданың жұлдызды ойыншыларынан бөлек ауызбіршілігі өте мықты. Азия мықтысы Жапониямен терезесі тең дәрежеде өнер көрсетіп жүрген өзбектер топтан шығып... Әлгі бір жылы Блохин баптаған Украина құрамасы сенсация жасап еді ғой. Сол секілді біраз мықтыға тұсау салуы мүмкін. Алдағы чемпионатты ұтатын айқын фаворит жоқ, – дейді Жандос Айтбайұлы.

Осы орайда сарапшылардың пікірі екіге бөлінді. Бірі оңтүстік америкалық, екіншісі еуропалық елдердің бірі чемпион болады дейді.

– Жасырын фаворит ретінде Англия құрамасын қарап отырмын. Өйткені Томас Тухель өте тәжірибелі ойыншыларды өз құрамына жинап отыр. Өзі де сұхбаттарының бірінде бұл жұлдыздардың командасы емес, жұлдыз команда болады деп айтты. Палмер, Фоден, Трент Александер-Алинбады. Ең талантты ойыншыларды қалдырып, олардың орнына Тони Хендерсон, Андерсон секілді жұмыс-


қа бейім ойыншыларды алды, – деді Абылай Ыбырайұлы.

– Неймарлардың екінші тынысы ашылса, Бразилияға, Аргентинаға мүмкіндік мол. Менің ойымша, сол оңтүстік америкалық құрамалардың бірі осы Аргентина мен Бразилия менің фавориттерім. Енді жарыс мұхиттың арғы бетінде өтеді. Сондықтан еуропалық командаларға қиын болады. Себебі уақыт айырмашылығы бірнеше сағат және теңіз деңгейінен биіктік деген бар, – деген ойын сарапшылар да жасырып қалмады.

Ойындар Америка, Мексика және Канаданың 16 қаласында өтеді. Турнирдің ашылу матчы Мехикодағы «Ацтека» стадионында, ал финал Нью-Джерсидегі «Метлайф» аренада ұйымдастырылады. Командалар 12 топқа бөлініп, плей-офф кезеңі 1/16 финалдан басталады.

11 маусым күні мундиальдың шымылдығын Мексика мен Оңтүстік Африка Республикасы ашады. Бір қызығы, бұл жолғы ойындар түнгі 00:00 және таңғы 06:00 аралығында болмақ. Ерте өтетін кездесулер де бар. Бірақ, санаулы.

Расында, биылғы додаға 40 жасқа келген ойыншылар көптеп қатысқалы отыр. Көш басында Роналду мен Месси, Модрич пен Нойер сынды үздіктер тұрғаны бар. Мұнан бөлек Неймар, Очоалардың жайы мүлдем бөлек. Бұл спортшылар үшін соңғы Әлем чемпионаты болғандықтан, командалары барлық шеберлігін салатыны анық. Десек те көпшіліктің Роналду бастаған Португалия құрамасына болысатыны анық. Себебі, екі бірдей футболдың аңыздары Месси мен Криштианудың жетістіктері теңелгенін қалайтындар көп.



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ

«АТЛЕТИКО ДЕ МАДРИД ҚАЗАҚСТАН»

ФУТБОЛ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Кейінгі жылдары елдегі футболға ерекше көңіл бөлініп келеді. Мұны ұлттық құраманың, клубтық ойындар арасындағы бәсекелестіктен анық байқауға болады. Одан бөлек әлемнің алпауыт командаларына ауысып, ел мерейін үстем етіп жүрген аяқдопшылардың жетістіктері қуантатыны тағы бар. Бұл – Қазақстандағы футболға деген жаңа кезеңнің басталғанын айқындайды.



Мұны неге айтып отырмыз? Өйткені қазір біздің елде Испания үздіктерінің бірі «Атлетико Мадрид» клубының академиясы бар. Арманын алысқа тастаған жеткіншектер сол мектепте жаттығу жасап, академиядан түлеп ұшуға жақын. Бүгінде мұнда еліміздің түкпір-түкпірінен келген 116 бала жаттығады.

Жуырда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осы аталған бірегей жоба – «Атлетико де Мадрид Қазақстан» халықаралық деңгейдегі футбол академиясының қызметімен танысты.

Академия ойыншыларын испандық бапкерлер іріктеп, оған Қазақстанның барлық өңірінен 4 мыңнан аса бала қатысты. Орталықта жас футболшылардың толыққанды оқу үдерісіне, жаттығулары мен жеке даярлығына барлық жағдай жасалған.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа академияны дамыту және спорттық инфрақұрылымды кеңейту жоспары көрсетілді. Осы орайда жасанды көгалы бар екі ашық футбол алаңын, 500 орындық жабық манеж және әкімшілік-тұрмыстық кешеннің жаңа ғимаратын салу көзделген.

Президентке академия орнын таңдауда балаларды шындай түсетін табиғат факторлары ескерілгені айтылды. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Кемелұлы арнайы академияның 180 балаға арналған жатақханасын аралап көрді.

Алматы облысының Талғар ауданындағы таудың таза ауасы мен жағымды климат бала ағзасының тез қалпына келуіне септігін тигізеді.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы жабындысы FIFA талаптарына сай келетін футбол алаңын көрді, сондай-ақ допты игеру техникасы мен испан әдістемесі бойынша командалық іс-қимыл дағдыларын пысықтауға кіріскен жас футболшылардың жаттығуын тамашалады.

Іс-шараға Испанияның Қазақстандағы елшісі Луис Франсиско Мартинес Монтес, «Атлетико Мадрид» футбол клубы директорлар кеңесінің мүшесі Давид Вилья, аталған клубтың академия істері және халықаралық даму жөніндегі директорының орынбасары Мария Тереса Кириви қатысты.

Иә, мұның барлығы кейінгі буынға жасалып жатқан дұрыс инвестиция. Елімізді әлемге танытатын спорттың түрі санаулы болса, бірден-бірі осы – футбол. Ендеше, елде әлемді аяғына телміртетін жастардың өсіп-жетілуіне жағдай жасасақ жаман болмаймыз.

СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ: ЖАСЫНДАЙ ЖАРҚЫРАҒАН СПОРТШЫЛАР

Соңғы қоңырау соғылды. Түлектер мектеп қабырғасымен қоштасып, жаңа өмірдің белесіне аяқ басты. Олардың қатарында республикалық және халықаралық жарыстарда ел намысын қорғап жүрген танымал спортшылар да бар. Сондықтан жұрт жақтап, есімін ел білетін спортшыларды да бүгінгі санға таспалағанды құп көріп отырмыз.

Биыл 3,9 миллионнан астам оқушы оқу жылын аяқтаса, олардың 215 мыңнан астамы – 11-сынып түлектері. Яғни, 2008 және 2009 жылы туған жасөспірімдер мектепті тәмамдап, аттестат алды. Бұл түлектердің ерекшелігі – олардың көбі оқуын ересектер арасындағы жарыстарға дайындықпен қатар алып жүрді және биыл Дакарда өтетін Жасөспірімдер Олимпиадасына жолдама алу үшін бақ сынады. Сол себепті олардың барлығы бірдей соңғы қоңырау салтанатына қатыса алмады. Дегенмен бірқатарына тоқтайлық.

Дастан Сәтпаев

«Қайрат» клубы мен Қазақстан құрамасының 17 жастағы шабуылшысы Дастан Сәтпаев соңғы қоңырау салтанатында қатарластарынан ерекшеленді. Ол №31 мектептегі шараға дәстүрлі «Түлек-2026» лентасы тағылған ақ түсті кең пішімді кейдемен және гүл шоғымен келді.

Дастан мектеп сахнасына шығып, түлектерге арнап құттықтау сөз сөйледі. Ол мектеп бітірушілерге ақ жол тілеп, ұстаздары мен спорт пен оқуды қатар алып жүруге мүмкіндік берген академияға алғысын білдірді.

Желі қолданушылары әзіл-шыны аралас пікірлер жазып, «соңғы қоңырауға дейін-ақ Чемпиондар лигасының әнұранын естіп үлгерді» деп атап өтті. Алматылық «Қайраттың» және Қазақстан жастар құрамасының шабуылшысы бүгінде әлем футболының назарын өзіне аударған жас таланттардың бірі саналады. Танымал «Score 90» аналитикалық платформасы оны өз жасындағы әлемнің үздік бес футболшысының қатарына қосты. Ойын мәнері үшін «Бэби Агуэро» деген лақап атқа ие болған Сәтпаевтың трансферін Лондонның «Челси» клубы келісіп қойған.



Роман Черноморец пен Камиль Гайнуллин

«Қайрат» академиясының баспасөз қызметі академия тәрбиеленушілері мен жасөспірімдер құрамасының ойыншылары, соның ішінде Роман Черноморец пен Камиль Гайнуллиннің Алматыдағы соңғы қоңырау салтанаттарына бірге қатысқанын хабарлады.

Олардың мерекелік іс-шарадан түскен фотосуреттері клубтың әлеуметтік желідегі парақшаларында жарияланған. Камиль Гайнуллин мен Роман Черноморец – Қазақстанның 17 жасқа дейінгі жасөспірімдер құрамасының футболшылары. Олар құрамамен бірге назарын арасындағы Еуропа чемпионатының элиталық кезеңіне жолдама алып, тарихи нәтижеге қол жеткізді. Жас спортшылар мектеп бітіру емтихандарын «Қайрат» футбол клубы академиясындағы қарқынды жаттығу кестесімен қатар алып жүрді.

Юлия Феклистова

Фристайл-могулдан жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатының күміс жүлдегері Юлия Феклистова туған қаласы Өскемендегі мектепті тәмамдады.

Соңғы қоңырау салтанатынан тараған кадрларда спортшының классикалық әрі жинақы образ таңдағаны байқалды. Юлия ақ-қара түсті костюм киіп, есімі жазылған түлектер лентасын таққан. Сондай-ақ ол дәстүрлі шаш үлгісінен бас тартып, дрэд стиліндегі өрімдерді таңдаған.



Асан Асылхан

Фристайл-акробатикадан жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионы Асан Асылхан да мектепті тәмамдап, түлек атанды.



16 жасында ол Миланда өткен 2026 жылғы қысқы Олимпиада ойындарында Қазақстанның ересектер құрамасы сапындағы ең жас спортшы ретінде тарихқа енді.

Олимпиадаға дайындық пен халықаралық жарыстардың тығыз кестесіне байланысты Асан оқуын жеке бағдарлама бойынша жалғастырып, спорт пен білімді қатар алып жүрді.

Дакардағы 2026 жылғы Олимпиадаға үміткер түлектер

Биылғы Дакарда өтетін жасөспірімдер Олимпиадасына қатысушылардың толық тізімі жарияланған жоқ. Дегенмен биыл мектеп бітірген түлектердің арасында алдағы уақытта ел намысын халықаралық аренада қорғайтын спортшылардың бары анық.

Олардың қатарында жеңіл атлеттер Бейбарыс Батырұлы (2008 жылы туған) мен Татьяна Иваниско (2009 жылы туған), сондай-ақ боксшылар Владислав Саможонов, Абзал Серік және Ерасыл Ермек бар. Бұдан бөлек, жанкүйерлер қауымы әлі кеңінен тани қоймаған, бірақ болашағынан зор үміт күттіретін жас спортшылар да аз емес.

ҰЛТТЫҚ ӨНЕРДІ ЗАМАНАУИ СТИЛЬМЕН ҰШТАСТЫРҒАН ШЕБЕР



Бүгінде қазақ халқының ұлттық өнері мен салт-дәстүрін дәріптеп жүрген жастардың қатары артып келеді. Солардың бірі – қазақы нақыштағы әшекей бұйымдар жасап, ұлттық өнерді заманауи стильмен үйлестіріп жүрген шебер Ақтілек Жамбылқызы.

лық танытып, сұрай бастаған. Осылайша, ұлттық әшекейлерге деген сұраныс пайда болады.

Бүгінде оның қолынан шыққан бұйымдар тек Қазақстанда ғана емес, Түркия, Мальта, Еуропа, Дубай және Ресей секілді елдерге жол тартқан.

Шебердің басты мақсаты – қазақтың ұлттық ою-өрнектерін ұмыттырмай, оны заманауи сәнмен үйлестіру.

– Қазақтың әр оюының өзіндік тарихи мен мағынасы бар. Сол тарихымызды ұмытпау үшін ұлттық нақышты қазіргі стильмен біріктіргім келді, – дейді ол.

Ақтілек көбіне қыз ұзатуға арналған ұлттық әшекейлер жасайды. Атап айтқанда: шекелік, бесбілезік, шашбау, шолпы, алқа, сырга және жұғысты болсын үкілері. Оның айтуынша, қыз ұзату – қазақ халқы үшін ерекше әрі қасиетті дәстүр.

– Әшекей тек сән үшін емес, қыздың нәзіктігі мен ұлттық сұлулығын айқындау үшін жасалады. Сол ерекше сезімді жеткізіміз келеді, – дейді шебер.

Сонымен қатар, ұзатылып жатқан қыздың құрбыларына тағылатын үкілер де ерекше мағынаға ие. Ол «осындай бақытты күн жұғысты болсын» деген ізгі ниетті білдіреді.

Шебер шабытты қазақтың ұлттық ою-өрнектерінен, салт-дәстүрінен және адамдардың қолдауынан алады. Бір бұйымды жасауға оның дизайнына байланысты бірнеше сағаттан төрт күнге дейін уақыт кетеді.

Есте қалған ерекше бұйымдарының бірі – қарлығаш бейнесі бейнеленген білезік. Тұтынушы ұзату тойына арнайы мағынасы бар әшекейге тапсырыс берген.

– Қарлығаштың шаңыраққа қарап ұшуы – береке, отбасы жылуы мен үй тыныштығының белгісі, – дейді ол.

Бүгінде жастардың ұлттық стильдегі әшекейлерге қызығушылығы жоғары. Әсіресе, нәзік әрі заманауи үлгідегі ұлттық әшекейлерге сұраныс артып келеді. Тапсырыс берушілер көбіне құс қанат, түйе табан және қарлығаш оюларын таңдайды.

Шебер алдағы уақытта өз брендин ашып, қазақтың ұлттық колоретін кеңінен настихаттауды армандайды. Сонымен қатар, колоретке қызығатын қыздарға арналған үйірме ашып, білгенін біліскісі келеді.

Бағым ЖАЛҒАСБЕКҚЫЗЫ

Қазір бірнеше тілді меңгеру – үлкен мүмкіндік пен заман талабы. Әлем күн сайын дамып, мемлекеттер арасындағы байланыс артып жатқан кезеңде шет тілдерін білу адамға жана жол ашады. Әсіресе жастардың тіл үйренуге деген қызығушылығы қуантады. Бүгінде тек өз мамандығын меңгеріп қана қоймай, бірнеше тілде еркін сөйлейтін жастардың қатары көбейіп келеді. Осындай білімге құштар жастың бірі – Қызылорда қаласындағы «Orda» колледжінің IT мамандығында білім алып жүрген Иман Тайсұмов.



Ұлты шешен Иман бүгінде қазақ, орыс, шешен, ағылшын, француз, корей, неміс және украин тілдерін меңгерген. Оның бұл қабілеті көпшілікке ерекше әсер қалдырады. Себебі қазіргі таңда бір немесе екі шет тілін білу үлкен жетістік саналса, сегіз тілді меңгеру – зор еңбек пен табандылықтың нәтижесі.

Иман тіл үйренуге бала кезінен қызыққан. Ол кішкентайынан әртүрлі халықтың мәдениетіне, сөйлеу ерекшеліктеріне назар аударып өскен. Алғашында қазақ және орыс тілдерін қатар меңгерсе, кейін ағылшын тіліне қызығушылығы арта бастайды. Уақыт өте келе ол француз және корей тілдерін де үйреніп, білімін одан әрі жетілдіруге тырысқан.

– Әр тіл – жаңа әлем. Тілді меңгерген сайын сен басқа халықтың мәдениетін, өмірге деген көзқарасын түсіне бастайсың. Маған тіл үйрену әрдайым қызық болды, – дейді Иман.

Ізденімпаз студент кейбір тілдерді интернет пен арнайы курстар арқылы меңгерсе, неміс және украин тілдерін сол мемлекеттерде жүргенде үйренген. Оның айтуынша, тілдік орта адамның сөйлеу қабілетін тез дамытады.

– Германия мен Украинада болған кезде күнделікті өмірде адамдармен сөйлесіп, тілді тезірек меңгеруге мүмкіндік алдым. Себебі шынайы орта адамның ойын еркін жеткізуіне көмектеседі. Ол жақта тек кітаптағы сөздерді емес, адамдардың сөйлеу мәдениетін де үйренесің, – дейді ол.

Бірге тәжірибеден өтіп жүрген әріптесім Гауһар екеуіміз қаламызды баспаханалардың бірінің табалдырығын аттадық. Қолымызда қойын дәптер мен диктофон. Мұндағы атмосфера мүлдем бөлек, шіркін, құлақты тұндыратын станоктардың гүрлі мен жаңадан басылған бояудың иісі шұрылды жарады. Ал біздің оң жақта алып баспа машинасы тұр. Оның ішінен секунд сайын аппақ қағаздар шымырап өтіп, бетіне қара сиямен әріптер құйылып жатыр. Біз таңданысымызды жасыра алмай, бір-бірімізге қарап қоямыз.



Келесі сұрақты «күніне қанша кітап шығады?» деп төтесінен қойдық. Маманның айтуынша, бәрі кітаптың мұқабасына және көлеміне байланысты. Орташа есеппен, заманауи автоматтандырылған баспахана күніне 3000-5000 аралығында сапалы кітап шығаруға қауқарлы. Бұл сандарды естігенде көзіміз дөңгеленсе, антарыла қарап, таңданысымызды білдірдік.

Кітаптың соңғы кезеңі мұқабалау мен желімдеу тұсына келдік. Дәл осы секундтарда станоктан жаңа ғана дайын болған, мұқабасы жарқыраған алғашқы кітаптар шығып, қораптарға жиналып жатты. Осыдан бір-екі сағат бұрын ғана алып роликтегі жай ғана аппақ қағаз болған дүние, қазір біздің көз алдымызда дайын тұяндағы айналды. Секундтардың ішінде жасалған бұл сикыр екеуімізді де қатты толқытты.

Қойын дәптерді жауып, баспаханадан шығып барамыз. Жұмыс барысында кітаптың тек парақтар жынытығы емес, жүздеген адамның маңдай тері мен секундтап өлшенген еңбегінің жемісі екенін түсіндік. Көрген, түйген, білгенімізді оқырманға да жеткізуге асықпыз...

Қойын дәптерді жауып, баспаханадан шығып барамыз. Жұмыс барысында кітаптың тек парақтар жынытығы емес, жүздеген адамның маңдай тері мен секундтап өлшенген еңбегінің жемісі екенін түсіндік. Көрген, түйген, білгенімізді оқырманға да жеткізуге асықпыз...

Гауһар АБАТ, Бексұлтан АҚБИСЕНОВ, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенттері

ДЕБАТ БІЗГЕ НЕ БЕРЕДІ?

Дебат – нақты құрылымдалған және арнайы ұйымдастырылған қоғамдық пікір алмасу, екі жақтың өзекті мәселелер бойынша пікірталасы. Қоғамдық пікірталастың бұл түрі дебатқа қатысушылардың бір-бірі емес, үшінші тарапты өздерінің дұрыс екеніне сендіруін қамтамасыз етуге бағытталған. Пікірталасқа қатысушылар қолданатын вербалды және вербалды емес құралдар аудитория қойған мәселе бойынша белгілі бір пікір қалыптастыруға арналған.

Ең маңыздысы – дебат адамды тыңдай білуге үйретеді. Қазіргі қоғамда көп адам сөйлей біледі, бірақ тыңдай алмайды. Ал пікірталаста сен қарсы пікірді құрметтеп, оған мәдениетті түрде жауап беруді үйренесің. Бұл – кез келген қоғамға қажет қасиет.

Бүгінде дебат көптеген жасқа жаңа орта, жаңа мүмкіндік сыйлады. Біреуге сенімділік берсе, біреуге достар сыйлады. Ал кейбіреулер үшін ол өмірлік жолын таңдауға себеп болды.

«Ақиқат» сияқты клубтар мен турнирлердің атмосферасы жастарды тартып жатыр. Бұрын дебатқа тек «жақсы сөйлейтіндер» ғана келеді деген түсінік болса, қазір көп адам оны өзін дамыту ортасы ретінде көреді.

Қызылордадағы дебаттың ерекшелігі – атмосферасында. Мұнда адамдар тек ойын ойнамайды, бір-біріне мотивация береді, орта қалыптастырады. Турнирден кейінгі талқылаулар, түнгі дайындықтар, жана спикерлердің шығуы – бәрі дебат мәдениетінің өсіп жатқанын көрсетеді. Қазірдің өзінде Қызылордадан республикалық турнирлерде көзге түсіп жүрген спикерлердің қатары артып келеді. Бұл – өңірдегі пікірталас мәдениетінің дамып келе жатқанының белгісі. Сөзімізді айғақтау үшін пікірталас алаңында жүрген жастардан сұхбат алып көрдік.

– Алғашында дебат мен үшін тек сөз жарысы сияқты көрінетін. Бірақ уақыт өте келе оның тек пікірталас емес, адамның өзін қалыптастыратын үлкен мектеп екенін түсіндім. Дебат маған ең алдымен еркін ойлауды

ойын сайын жана тәжірибе жинап, қателіктерден сабақ алуға үйрендім. Дебат маған тек сөйлеу мәдениетін емес, адамдарды тыңдай білуді де үйретті. Себебі нағыз дебат – қарсыласты жеңу ғана емес, оның ойын түсіну. Осы арқылы сабыр сақтауды, эмоцияны басқаруды және мәдениетті түрде пікір білдіруді меңгердім. Тағы бір маңызды тұсы – дебаттың арқасында көптеген талантты, білімді адамдармен таныстым. Бұл орта мені үнемі дамуға, кітап оқуға, жаңалықтан хабардар болуға ынталандырады. Мен үшін дебат – жай хобби емес. Ол менің өмірге деген көзқарасымды өзгерткен, өзімді табуға көмектескен ерекше орта, – дейді Нұрай.

Дебаттағы әр раунд – тәжірибе. Әр жеңіліс – сабақ. Кейде ең ауыр жеңіліс адамның ең үлкен мотивациясына айналады. Ал турнирден кейінгі эмоциялар, дайындықтар, командаластарының қолдауы – мұның бәрі ерекше естелік болып қалады. «Ақиқат» дебат клубының президенті Бегзатхан Амирханұлы дебаттың ауқымы кең екенін айтады.

– Дебат – жәй ғана қызығушылық емес, менің өмірімнің бір бөлшегіне айналды. Сенің әрбір жасап жатқан іс-әрекетіңе, келіп жатқан апаратқа сыни көзқараспен қарауға және баға беруге де үйрететін осы пікірталас. Маған алғаш рет дұрыс ойлануды, дұрыс шешімдер шығаруды, идея талқылауды үйреткен Набат Думан ағама осы тұста алғыс білдіргім келеді. Одан бөлек, «Ақиқат» пікірталас клубының 1 жыл президенті болған сәтінде, пікірталас тек сөз таластыру емес, сен үшін дамушы орта, құндылығын жоғалтпаған жастар мен ұстанымы бар достар екенін де байқай алдым. Пікірталас – адамға тек өзін қалыптастыруға мүмкіндік береді, ал клуб сол мүмкіндікті жандандыратын достардан тұрады, – дейді ол.

Сымбат ОРДАБАЙ, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті



«Қызылорда қаласында дебат дамыған ба?» деген сауалға жауап берейікші. Қызылордада дебат кейінгі жылдары қарқынды дамып келе жатыр. Әсіресе мектеп пен студенттер арасында дебатқа қызығушылық көбейді. Қалада түрлі турнир, фракциялық ойындар, тәжірибелік раундтар жиі өтеді.

үйретті. Кез келген мәселеге бір жақты емес, бірнеше қырынан қарауды, дәлелмен сөйлеуді және өз пікірімізді қорғай білуді үйрендім. Сонымен қатар дебат менің өз-өзіме деген сенімділігімді арттырды. Бұрын көпшілік алдында сөйлеуден қысылсам, қазір ойымды анық жеткізуге тырысамын. Әр

Сурет ашық дереккөзден алынды

ОБЛЫСТЫҚ КІТАПХАНАДА СІРЕК КЕЗДЕСЕТІН 1400 КІТАП БАР

Облыстық кітапханаға жиі барамыз. Оқырман залында кітап оқып, кітапханашылармен тілдесіп, кеңес аламыз, мұнда өтетін мәдени іс-шаралардан қалмауға тырысамыз. Бірде сирек кездесетін кітаптар жайында құлағымыз шалды. «Ол қандай кітаптар екен?» деген сауал маза бермей, жақында Гүлдерайым Досбергенқызын іздеп, арнайы бардық. Ол – Әбділде Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапхананың негізгі қорларды сақтау бөлімінің меңгерушісі.

Гүлдерайым Қосназарова әуелі залмен таныстырды. Кірсең, расымен шыққын келмейді. Себебі мұнда тұрған кітаптарды дүкен сөрелерінен көрмейсің. Бөлім меңгерушісінің айтуынша, мұнда сирек кездесетін 1400-ге жуық кітап бар.

– Бұл шығармалар бірнеше ғасыр бұрын жазылған соң беттері жыртылып, біршама өзгеріске ұшыраған. КСРО кезінде діни кітаптарды жерге көміп, жасырын ұстаған, сондықтан біз кітаптарды қайта оңдейміз. Сонымен қатар өзге тілден аудару да жауапты әрі қиын процестің бірі. Себебі бұл кітаптар көне тілдерде жазылған.

Ал ол тілді білетін, түсінетін маман табу қиын. Аудармашы болмағаннан кейін қаншама кітап қазақ тіліне аударылмай да қалып жатыр.

Ал оларды сақтауға келсек, кей кітаптардың мұқабасы мен беттері ескіргендіктен, олар температура мен ылғал деңгейі сақталатын арнайы бөлмеде ұсталады.

Сирек кездесетін кітаптар оқырманға үйге алып кетуге берілмейді. Олармен тек арнайы оқу залында жұмыс істеуге рұқсат етіледі. Көрмелерде сыртынан бақылауға, оқимын десеңіз онлайн форматында оқу мүмкіндігі бар. Себебі көптеген кітаптың бір ғана данасы сақталған, – дейді Гүлдерайым Досбергенқызы.

Сұхбат барысында қолмен жазылған сирек кездесетін кітаптарды көрдік. Олардың қатарында Ижра жылымен 1293 жылы жазылған Құран кәрім, Ватикан нұсқасы мен түрік тілінде

жазылған Қорқыт ата кітабы, Қана-Абдулла-Рук-Ху. Мұраділ-Арифин: Мұрат-мақсатқа жету кітабы, дұға кітабы мен қолжазбалар, 1870 жылы ескі түрік тілінде жазылған Мәулет кітабы мен 1904 жылы Ресейдің Санкт-Петербург қаласында жазылған кітаптар бар.

– Бұл кітаптар бірнеше ғасыр бұрын жазылған. Мұнда кездесетін мағлұматты көп кітаптан таппайсыз. Олардың ерекшелігі де сол, кез келген кітапханада болмайды, олардың тарихы, ішіндегі мазмұны өте ерекше. Байқағандарыңыздай, көне түркі, араб, парсы тілдерінде жазылған. Кітаптың ішкі, сыртқы көрінісі де басқаша, қазіргі немесе жақын арада шыққан кітаптардан өзге.


Көптеген қолжазба бізге 2004 жылы келді. Қазірде де қала тұрғындары өздері тапқан кітаптарды бізге келіп тапсырады. Ол қолжазбаларды осыдан бірнеше ғасыр бұрын тұрғындардың ата-бабалары оқыған, солардан мұра болып қалған, – дейді бөлім меңгерушісі.

Осы жолғы танымдық сапардан көргеніміз, түйгеніміз мол болды. Кітапхана барайық, кітаппен дос болайық, оқырман!

Ескендір БАХРАДИН, Абай АСҚАРУЛЫ, Рәсул ЖАХАТ,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенттері



Суреттер ашық дереккөзден алынды



Қазір супермаркетке кіріп, сөрелерден тауарды таңдап, бағасына қарап, темір көрзеңкеге салу – қалыпты жағдай. Бірақ осыдан жүз жылдан астам уақыт бұрын сауданың заңы мүлдем басқа еді. Дүкенге келген әрбір адам сатушымен тілдесуге, әр тауардың бағасын сұрап, саудаласуға мәжбүр еді. Ал кейінгі кездері коммуникация құру міндетті емес. Бүгінгі біз білетін заманауи сауда жүйесінің пайда болуына бір адамның бойындағы ұяңдық себеп болды десем, сенесіз бе? Ол адам – Фрэнк Уинфилд Вулворт. Бұл туралы «Adme» желісінде баяндалған еді.

СӨЗСІЗ САУДА СЫРЫ

Оқиға 1873 жылы АҚШ-тың Нью-Йорк штатындағы шағын дүкендердің бірінде басталды. Фрэнк Вулворт есімді жас жігіт дүкенге көмекші болып жұмысқа тұрады. Фрэнк өте ұялшак, тұйық әрі адамдармен тіл табысуға шорқақ болатын. Заман талабына сай, сатушы тауардың бағасын айтып қана қоймай, коммуникация құру керек еді. Бағалар тауардың үстінде жазылмай, сатушы сатып алушының түріне, киіміне қарап бағаны өзгерте алатын. Фрэнк үшін бұл нағыз азап еді.

Дүкен иесі Фрэнктің бұл мінезін көріп, одан ешқандай жақсы кәсіпкер шықпайды деп есептеді. Бірде ол Фрэнкті сынау үшін жігітті дүкенде бір күнге жалғыз қалдырады. «Егер бүгін жақсы сауда жасай алмасаң, жұмыстан кетесің» деген шарт қояды.

Жұмыстан айырылып қалудан қорыққан Фрэнк басқа амал ойлай бастайды. Ол сатып алушылармен сөйлеспеудің жолын іздеді. Сонымен, Фрэнк дүкендегі барлық тауарды сөреге тізіп шығып, әрқайсысының жанына бағасы жазылған кішкентай қағаз қойып шығады. Бұл – әлемдегі ең алғашқы баға көрсеткіштері еді. Бұдан бөлек, ол дүкеннің бұрышындағы өтпей тұрған тауарды бір үстелдің үстіне жинап, «барлығы 5 центтен» деген үлкен жазу іліп қояды.

Нәтиже күткеннен де асып түсті. Тұтынушылар сатушының көмегінсіз-ақ тауарларды ұстап көріп, бағасын өздері оқып, ешқандай саудаласусыз-ақ ақшасын төледі. Адамдар арасында да сатушымен сөйлесуден қашатын, баға сұрауға ұялатын жандар аз емес екен. Бір күннің ішінде Фрэнк дүкеннің алты күндік табысын жинайды. Дүкен иесі қайтып келгенде, бос қалған сөрелер мен тілпей тұрған қассаны көріп таңғалады. Артынша Фрэнк әйгілі «Woolworth» дүкендер желісін ашты.

Фрэнк Вулворттың бұл жаңалығы расымен экономикалық төңкеріс болды. Ол тұтынушыға еркіндік берді. Адамдар тауарды сатып алуға міндетті сезінбестен, оны өз қолымен ұстап көру мүмкіндігіне ие болды. Бұл заманауи супермаркеттер мен гипермаркеттердің негізгі принципіне айналды.

Бүгінде ешкімнен тауардың бағасын сұрамаймыз, тек астындағы қағазға қараймыз. Егер сол кезде Фрэнк Вулворт өте ұялшак болмағанда, мүмкін біз әлі де сатушымен саудаласып жүрер ме едік? Вулворт кейіннен әлемдегі ең бай адамдардың біріне айналды. Ол Нью-Йорк қаласында сол замандағы ең биік ғимарат – «Вулворт билдингті» салдырды. Мұның бәрі қарапайым ұяңдық пен сол ұяңдықтан туған шешімнің арқасы. Демек, сіздің кемшілігіңіз деп есептелетін қасиетіңіз, дұрыс бағытталса, үлкен жетістіктің кілт болуы әбден мүмкін.

Мейір НИЕТ

АНА СҮТІ — НӘРЕСТЕНІҢ АЛҒАШҚЫ «ВАКЦИНАСЫ»

Жаңа ғана дүниеге келген әлсіз сәбидің бойына сіңіп, күш беретін ана сүті ешбір өніммен теңеспейтін құнды тағам. Мединица қанша дамыса да, оның орнын алмастыратын жасанды балама өлі күнге дейін табылған жоқ. Бұл ана сүтінің қаншалықты пайдалы һәм теңдессіз екенінің дәлелі емес пе?

Осы орайда Астана медицина университеті, академик Е.Д.Дәленов атындағы профилактикалық медицина ҒЗИ, салауатты өмір салты орталығының жетекші ғылыми қызметкері, дәрігер-диетолог Жанна Нұрбергенмен байланыстық.

Иә, дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы нәрестенің алты айлығына дейін тек ана сүтімен қоректендіруді ұсынады. Себебі оның құрамы баланың жасына, қажеттілігіне қарай өзгеріп, әр кезеңде ең қолайлы қоректік заттарды ұсынады.

– Ана сүтінің басқа тағамдардан басты айырмашылығы – оның «тірі», өзгермейтін күрделі биологиялық құрылымында. Оның құрамы тәуліктің уақытына, ананың тамақтануына, баланың жасына байланысты өзгереді.

Ұзақ мерзімді ғылыми зерттеу мәліметтеріне сүйенсек, ана сүтінің метаболизмді реттейтін биологиялық белсенді заттарына байланысты ана сүтімен қоректенген балаларда семіздік қаупі төмен болады, сонымен қатар олардың арасында I және II типтегі кант диабеті, астма, аллергия, қан қысымының жоғары болуы секілді түрлі дерт өте сирек кездеседі, – дейді Жанна Нұрберген.

Сұхбат барысында дәрігер «Ана сүті – нәрестенің алғашқы «вакцинасы» деп нықтап айтты. Бұлай деуге себеп – ондағы

IgA, IgG, IgM сияқты антиденелер баланы тыныс жолы инфекцияларынан, ішек ауруларынан, вирустық және бактериалдық инфекциялардан қорғайды.

– Сүтте кездесетін пайдалы май қышқылдары – ми жасушаларының құрылыс материалы. Ана сүтімен қоректенген балаларда құлақ қабынуы, тұмау, пневмония, іш өту жағдайлары 2-3 есе аз кездеседі, IQ көрсеткіші жоғары, тіл үйрену, есте сақтау қабілеті жақсы дамиды және нейрондардың байланысы жылдам қалыптасады.

Ана сүті нәрестенің әлсіз ас қорыту жүйесіне дәл бейімделген. Мысалы іш қатуды азайтады, шаншудың алдын алады, аллергия қаупін төмендетеді, ішек микробиомын дұрыс қалыптастырады, – деп түсіндірді дәрігер.

Сондай-ақ емізу баламен қатар анаға да пайдалы. – Мысалы артық салмақтың табиғи жолмен кетуіне ықпал етеді, сүт безі және аналық без қатерлі ісігі қаупін төмендетеді, окситоцин бөлінуінің әсерінен эмоциялық күй де тұрақталады. Ал баланы қоректендіру кезінде ана мен сәбидің арасында ерекше психологиялық байланыс қалыптасады. Бала өзін қауіпсіз сезінеді, екеуінің де эмоционалды үйлесімі күшейеді.

Ана сүті – нәресте үшін ең табиғи тағам. Оның пайдасы бала денсаулығына ғана емес, ана денсаулығына да ұзақ мерзімді оң әсер береді. Сондықтан ана сүтімен қоректендіру – баланың өмір бойғы денсаулығының берік іргетасы, – деп түйіндеді Жанна Нұрберген.

Инжу МАРЖАН



Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі



Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №КЗ 32VРУ00086947 куәлігі 02.02.2024 жылы қайта берілген.
«Ақмешіт жастары» республикалық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10
БАС РЕДАКТОР
Дәулет ҚЫРДАН

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы
Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshit-zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz

Кезекші редактор:
Аружан ОРАЛБАЙ

Таралымы: 5111
Тапсырыс: 936